

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Қабылдау комиссиясының төрайымы,
университет ректоры

Ж. Темірбекова



22» 05 2025 ж.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) саласы
бойынша білім беру бағдарламаларына оқуға түсушілерге арналған
АРНАУЛЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласы:

Денсаулық сақтау

Білім беру бағдарлама тобы:

BM086-Жалпы медицина,
BM087-Стоматология

Әзірлегендер:

Факультет деканы, доцент

Г.О.Нускабаева

Медицина факультетінің координаторы

Л.Назарова

Педагогика және психология
кафедрасының оқытушысы

Д.Жаркинбаева

Бағдарлама «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша академиялық
комитетте қаралып, мақұлданды.

Хаттама № 3 «11...»...03.....2025ж.

Факультеттің академиялық
Комитет төрағасы

Г.Т.Ильясова

Факультет деканы

Г.О.Нускабаева

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Университет Академиялық комитетінде бекітілді,

Хаттама № 10 «22...»...05.....2025ж.

МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер.....	4
Қысқартулар	4
Кіріспе	5
Арнаулы емтихан өткізу тәртібі.....	6
Арнайы емтихан сұрақтарының үлгі тізімі (психометриалық)	7
Бағалау критерийі	9
Әдебиеттер тізімі	10

Нормативтік сілтемелер

Осы бағдарлама мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленген:

1 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;

2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

Университет Жарғысы;

Университетке талапкерлерді оқуға қабылдау ережесі.

Қысқартулар

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЖОО – жоғары оқу орны;

ҚК – қабылдау комиссиясы;

ҚК төрағасы – қабылдау комиссиясының төрағасы;

ҚК жауапты хатшысы – қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы;

ҰБТ – бірыңғай ұлттық тестілеу;

Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Кіріспе

Медицина – адамдардың денсаулығын сақтау мен нығайту, сырқаттарды емдеу мен аурудың алдын алу, денсаулық және жұмысқа қабілеттілік жағдайында, адамзат қоғамында ұзақ өмір сүруге жетуді көздейтін тәжірибелік іс-әрекеттің және ғылыми білімдердің жүйесі.

Медицинаның зерттеу пәні ретінде адам организмінің қалыпты және патология жағдайында құрылымы мен тіршілік етуі; халық денсаулығы жағдайына әлеуметтік және табиғи ортаның әсері; адам аурулары (олардың себептерін, пайда болу механизмін, белгілерін), аурудың алдын алу, түрлерін анықтау және емдеу тәсілдері мен құралдарын пайдалану туралы мәселелері алынады. Медицина адамтанумен бірегей байланыста бола тұра жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың барлық түрлерінің жетістіктерін ескереді. Медицинаның зерттеу мәселелерінің шеңбері адам өмірінің сан қырлы көріністерін қамтиды. Бұл медицинаны денсаулық туралы және адамның жеке басының және қоғамдық өмір сүру жағдайы туралы ғылымның нақты жүйесіне айналдырады. Медицинаның мұндай жаратылыстану ғылымының шегінен шығып, оның биоәлеум. сипаттамасын белгілейді. Әлбетте биологиялық және әлеуметтік көріністер медицинада жекеленбей, диалектикалық бірлікте қаралады. Әлеуметтік факторлар денсаулық деңгейіне және халықтың физикалық дамуына әсер етеді. Сондықтан да патологиялық процестердің пайда болуына және дамуына қажетті немесе қосымша жағдайлар алғашқы түрткі механизмі ретінде жиі алға шығады. Әлеуметтік ортаның қолайсыз факторларының әсерінің биологиялық зардаптары көбіне адам организмінің хал жағдайымен белгіленеді. Ғылыми-техникалық даму кезеңінде медицинада білім аралық құрылымы және түрлі бөлімдерге бөліну айқын байқалады. Қазіргі кезеңдегі теоретикалық және клиникалық медицинада медициналық-биологиялық мәселелерді, адамның әлеуметтік табиғатын ескеріп кешенді түрде зерттеу бағыты өсуде. Медициналық түсініктердің және медициналық-гигиеналық қызметтің түрлері мен мазмұны үстемдік етуші көзқараспен, мәдени ахуалы мен жаратылыстану және техинакалық дамудың деңгейімен белгіленеді.

1. Арнаулы емтихан өткізу тәртібі

1.1 «Денсаулық сақтау» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

1.2 Медициналық мамандықтарға түсушілерден өтініштер қабылдау және арнайы емтихан өткізу 20 маусым мен 20 тамыз аралығында Ахмет Ясауи университетінің қабылдау комиссиясымен жүргізіледі.

1.3 Медициналық мамандықтарға түсетін тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы жүргізетін бір арнайы емтихан тапсырады.

- Психометриялық тест тапсырады

1.4 Арнаулы емтихан Ахмет Ясауи университетінде бекітілген кесте бойынша жүргізіледі.

1.5 Психометриялық тест сұрақтары медициналық мамандық алуға дайындық қабілетін тексеруге ықпал жасайды.

Әрбір талапкерлер 12 тест сұрақтарына жауап береді. Жауап нұсқалары үшін балдар: "Иә" – 2 балл; "Жоқ" – 0 балл; "Кейде" – 1 балл. 12-ден 24 баллға жауап берген жағдайда талапкер «өтті» деп бағаланады.

1.6 Медициналық мамандықтарға түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» нысанында бағаланады.

1.7 Арнайы емтиханды тапсыру уақыты – 30 минут.

1.8 Емтиханды тапсыру кезінде Ахмет Ясауи университетінің ректорының бұйрығымен арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құралады, оның құрамына төрғасымен қоса тақ сандағы мүшелері кіреді. Егер мәжілісте кемінде оның құрамының үштен екісі болса, онда комиссия шешімі заңды деп саналады. Емтиханда қатысушылардың көпшілік дауысымен шешім қабылданады. Мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

1.9 Арнайы емтихан қабылдау кестесін комиссиясының төрағасы бекітеді және университеттің сайты мен ақпараттық қабырғасына мәліметтерді орналастыру арқылы жеткізіледі.

1.10 Арнайы емтиханға рұқсат алу үшін талапкерлерді Ахмет Ясауи университетінің қабылдау комиссиясына алдын ала тіркелуі тиіс.

1.11 Арналуы емтихан жүргізуші аудиторияға баруға рұқсат жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

1.12 Арнайы емтихан басталмас бұрын түсушілерге өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің орны көрсетіледі.

1.13 Арнайы емтихан өткізу кезінде түсушілер:

а) тыныштық сақтаулары және өз бетінше жұмыс істеулері, емтихан алушы және басқа да қабылданушылармен сөйлеспеуі;

б) емтихан материалдарымен алмасуға, көшіруге, оны дәрісханаға кіргізуге және оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, ұтқыр байланыс құралдарын пайдаланбауы тиіс;

с) аудиторияда жүруге, басқа орынға ауысып отыруға;

д) арнайы емтихан кезінде емтихан алушының рұқсатынсыз аудиториядан шығуға болмайды.

1.14) Арнайы емтиханды өткізу қорытындысы рұқсат беру ведомосымен, еркін нысандағы комиссия хаттамасымен толтырылып, нәтижелерін жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) табысталады. Комиссия хаттамасына төраға және барлық қатысушы оның мүшелерімен бірге қол қояды.

1.15 Арнайы емтихан нәтижелері емтихан өткізген күні жарияланады.

1.16 Арнайы емтихан нәтижелері бойынша ведомостың үзінді көшірмесі беріліп, студенттік жеке ісіне тігіледі.

1.17 Емтиханды өткізу кезеңінде арнайы емтиханға қойылатын талаптарын сақтау, даулы мәселелерді шешу, емтихан тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ахмет Ясауи Университеті президентінің бұйрығымен оның төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.18 Апелляцияға берілетін өтінішті апелляциялық комиссиясының төрағасының атына арнайы емтиханды тапсырушы жеке тұлға атынан арнайы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін беріледі және апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

1.19 Апелляциялық комиссия шешімі оның құрамының үштен екісі мәжіліске қатысатын болса заңды болып есептеледі. Арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамамен ресімделеді, оған төраға және отырысқа қатысқан барлық комиссия мүшелері қолдарын қояды.

2. Арнайы емтихан тест сұрақтарының үлгі тізімі (психометриалық)

1. Басқа адамдардың сезімін түсіну және эмпатиялау қабілетіңізді қалай бағалайсыз?

- а) Өте жоғары
- б) Жоғары
- в) Орташа
- г) төмен
- е) Өте төмен

2. Сіз өзіңізге жиі өршіл мақсаттар қойып, соған жету үшін жұмыс жасайсыз ба?

- а) Әрқашан
- б) Жиі
- в) Кейде
- г) Сирек
- д) Ешқашан

3. Басқа адамдардың сындарлы сыны мен кері байланысын қалай қабылдайсыз?
- а) Позитивті және ризашылықпен
 - б) Ашықтықпен, бірақ кейде қанағаттанбаушылықпен
 - в) Қиындықпен, бірақ мен оны ескеруге тырысамын
 - г) Мен қарсымын және елемеймін
 - д) Мен жоққа шығарамын және агрессивті түрде әрекет етемін
4. Сіз өзіңіздің дағдыларыңыз бен мінез-құлқыңызды жақсарту үшін өзін-өзі талдау және рефлексиямен қаншалықты жиі айналысасыз?
- а) Күнделікті
 - б) Аптасына бірнеше рет
 - в) Аптасына бір рет
 - г) Сирек
 - д) Ешқашан
5. Сіздің күтпеген жағдайларға реакцияңыз: сіз тез бейімделе аласыз ба немесе өзіңізді жоғалтқандай сезінесіз бе?
- а) Тез бейімделіп, шешімін табамын
 - б) Бейімделу үшін біраз уақыт қажет
 - в) Мен өзімді адасып, сенімсіз сезінемін
 - г) Мен үрейленіп, бақылауды жоғалтамын
6. Үлкен жүктеме(нагрузка) кезінде уақытыңызды және басымдықтарыңызды қалай басқарасыз?
- а) Мен уақытты тиімді жоспарлаймын және басқарамын
 - б) Уақытты басқаруда қиындықтарым бар, бірақ мен жағдайды жақсартуға тырысамын
 - в) Мен жиі шамадан тыс жүктеме сезінемін және тапсырмаларды орындай алмаймын
 - г) Уақыт пен басымдықтарды қалай тиімді басқару керектігін білмеймін.
7. Топта жұмыс істеуге қалай қарайсыз, әсіресе пікірлер әртүрлі болған кезде?
- а) Позитивті, мен ынтымақтастыққа және ымыраға келуге ұмтыламын
 - б) Бейтарап, кейде жалғыз жұмыс істеген жақсы
 - в) Теріс, өз бетімше жұмыс істегенді жөн көремін
 - г) Топпен жұмыс істеуден үзілді-кесілді бас тартамын
8. Өзіңіздің психикалық денсаулығыңыз бен тепе-теңдікті сақтау үшін қандай әдістерді қолданасыз?
- а) Мен үнемі жаттығу жасап, медитация жасаймын
 - б) Мен достарым мен туыстарыма қолдау көрсетуге жүгінемін
 - в) Мен релаксация және өзін-өзі тыныштандыру әдістерін қолданамын
 - г) Мен стресстік жағдайлардан аулақпын

д) Мен психикалық денсаулықты сақтаудың ешқандай әдістерін ұстанбаймын

9. Сіз өзіңізді қалыптан тыс ойлауға және мәселені шешуге қабілетті шығармашылық адам деп санайсыз ба?

а) Иә, мен стандартты емес шешімдерді жиі табамын

б) Кейде жағдайға байланысты

в) Жоқ, мен мәселені шешудің дәстүрлі әдістерін ұнатамын

10. Стресстік жағдайларға қалай әрекет етесіз: сіз демалудың және олармен күресудің жолдарын табасыз ба немесе елеулі қиындықтарға тап боласыз ба?

а) Мен стрессті тиімді жеңемін және демалу жолдарын табамын

б) Кейде мен күйзеліске төтеп бере аламын, бірақ кейде қиындықтар туындайды

в) Мен өзімді шарасыз сезінемін және стресстік жағдайларда шешім қабылдай алмаймын

г) Стресс менің өнімділігіме және денсаулығымға қатты әсер етеді, мен оны жеңе алмаймын

3. Бағалау критерийі

Арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

Тест сұрақтары	Бағалау негіздемесі
1	Басқа адамдардың сезімдерін түсіну және эмпатиялау қабілетін бағалау өтініш берушінің пациенттерге күтім жасау маңызды болып табылатын медицина саласында жұмыс істеуге қаншалықты қолайлы екенін анықтауға көмектеседі.
2	Өршіл мақсаттарға қол жеткізуге деген ұмтылыс медицина саласындағы мансапты жалғастыруға мотивация мен табандылықты көрсетеді.
3	Сындарлы сын мен кері байланысты қабылдай білу кәсіби даму мен біліктілікті арттыру үшін маңызды.
4	Өзін-өзі талдау және рефлексиямен айналысу болашақ медицина қызметкерінің емделушілермен және әріптестермен қарым-қатынас жасаудағы дағдылары мен мінез-құлқын жетілдіруге көмектеседі.
5	Күтпеген жағдайларға реакция тез бейімделу және стресстік жағдайларда шешім қабылдау қабілетін көрсетеді, бұл медициналық тәжірибеде маңызды.
6	Уақыт пен басымдықтарды басқару қабілеті жоғары қысымда жұмыс пен оқуды тиімді ұйымдастыруға

	көмектеседі
7	Топтық қатынас ынтымақтасу, қарым-қатынас жасау және жанжалдарды шешу қабілетін көрсетеді, бұл медициналық ұжымдағы табысты жұмыс үшін маңызды.
8	Психикалық денсаулық пен тепе-теңдікті сақтау әдістерін пайдалану білім алу мен практика кезінде күйіп қалудан және эмоционалдық шаршаудан аулақ болуға көмектеседі.
9	Шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдерді табу қабілеті күрделі клиникалық мәселелерді шешуде және емдеудің инновациялық тәсілдерін әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін.
10	Стресстік жағдайларға реакция өзін-өзі басқару, эмоционалды тұрақтылық және қиын медициналық жұмыс орталарында кәсіби қызметті сақтау қабілеті туралы түсінік бере алады.

4. Әдебиеттер тізімі

Бұл сұрақтар медициналық білім алуға және басқа да кәсіби бағдарламаларға үміткерлерді бағалауда қолданылатын типтік психометриялық принциптерге негізделген. Бұл сұрақтардың нақты авторлары көрсетілмеген, өйткені олар демонстрациялық және нұсқаулық мақсаттарға арналған жалпыланған мысалдар.